



БҰЙРЫҚ №01

«05» қаңтар 2026 ж.

**Мектепке дейінгі ұйымда
терроризмге қарсы әрекетті
қамтамасыз ету және
қауіпсіздікті сақтау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысына және лаңкестікке осал объектілерді терроризмге қарсы қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйымды терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамы бекітілсін (*Қосымша 1*).

2. Балаларды таңғы қабылдау (7.00-ден 9.30-ға дейін) және оларды үйге жіберу (17.00-ден 19.30-ға дейін) мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің кезекшілігін ұйымдастырсын (*кезекшілік кестесін қоса беру*).

3. Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі (завхоз) Нурекешов Ж.А., техникалық қызметкерлермен лаңкестік әрекет немесе басқа да заңға қайшы әрекеттер қаупі төнген кезде олардың іс-әрекеті туралы нұсқаулық өткізсін;

- рұқсат етілмеген тұлғаларды МДҰ кіргізуге шектеу шараларын қабылдау;
- басшы бекіткен кесте бойынша күн сайын сағат 19.00-ден 07.00-ге дейін және демалыс күндері күзетшілердің (вахтерлар) кезекшілігін ұйымдастырсын;
- қойма мен техникалық жайларды күнделікті тексеру;
- МДҰ аумағына күнделікті тексеру жүргізу;
- МДҰ аумағына рұқсат етілмеген көліктердің кіруіне тыйым салынсын;
- тұрмыстық қалдықтардың уақытылы шығарылуын бақылауды ұйымдастыру;



- апаттық шығулар мен электр қауіпті орындарда эвакуациялау жоспарлары мен сигналдық белгілердің қауіпсіздігін және уақытылы өзгерістер енгізуді бақылау.

4. Күзетшілер:юиииибл

- күн сайын арнайы журналға кезекшілікті тапсыру фактісін және бөгде заттарды анықтау үшін ғимараттар мен аумақты тексеру нәтижелерін жазып отыру (кезекшілікте кемінде 4 рет);

- кезекшілік уақытында мектепке дейінгі ұйымға қатысы жоқ азаматтардың ғимаратта және аумақта бақылаусыз болуына жол бермеу.

5. Техникалық қызметкерлерінің міндеттеріне мыналар жатады:

- бөлмеге бейтаныс адамдарды жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін ғана кіргізуге, мектепке дейінгі ұйымға қатысы жоқ адамдардың ғимаратында бақылаусыз болуына жол бермеуге;

- МДҰ-ға келген адамдардың журналын жүргізу;

-топтар бойынша балалардың тізіміне сәйкес ата-аналарды кіргізуді қамтамасыз етсін;

- барлық кіретін есіктерді уақытылы жабуды ұйымдастырсын.

6. Мектепке дейінгі ұйымның медбикесі: *Нусупова А.С.*

-балалар тізімдерінің жүйелі түрде жаңартылуын қамтамасыз ету;

-әртүрлі стандартты емес төтенше жағдайларда, терроризмге қарсы қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі және т.б. мәселелерде қауіпсіздік ережелерінің сақталуын және балалардың өмірін сақтауды қадағаласын.

7. Мектепке дейінгі ұйымның сыпырушылары: Жайлыбайқызы Ж

-аумақта бөтен көліктердің, құрылыс, қоқыс контейнерлерінің және жарылғыш құрылғыларды төсеу үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да заттардың болуына күнделікті тексеру жүргізсін.

8. Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері: Едигина Ж.О.

- педагогикалық ұжымға лаңкестік әрекет немесе басқа да заңсыз әрекеттер қаупі төнген жағдайда олардың әрекеттері туралы семинар ұйымдастырылсын;

- оқу-тәрбие процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарымен уақытылы нұсқаулық өткізілсін;

-балалармен және ата-аналармен қауіпсіздік және төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау мәселелері бойынша әңгімелесу жүргізсін;

- кемінде жарты жылда бір рет жеке құрам мен балаларды эвакуациялау бойынша оқытуды ұйымдастырсын.

9.Мектепке дейінгі ұйымының педагогтарына:



-әртүрлі стандартты емес төтенше жағдайларда, лаңкестікке қарсы қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша, сондай-ақ төтенше жағдай немесе жазатайым оқиға кезінде балалармен және ата-аналармен олардың әрекеттері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

10. Әдеттен тыс жағдай туындаған кезде оқиға туралы дереу «102» телефоны арқылы полицияның кезекші бөліміне, «112» - объектінің атауын, оның мекенжайын көрсете отырып, құтқару қызметіне хабарлансын.

11. Мектепке дейінгі ұйымды терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру бойынша құжаттаманы жүргізуге және жауапты болып МДҰ әдіскері Едигина Ж.О. тағайындалсын, жұмыс жоспарын және комиссия жөніндегі ережені дайындасын.

12. Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі: Едигина Ж.О.

-ұжымның терроризмге қарсы қауіпсіздігін және педагогикалық ұжымның қызметкерлері арасында міндеттерді бөлу жүйесінің алгоритмін әзірлеу;

- өрт және күзет дабылдарын ұстауға, қатты қалдықтарды шығаруға, электр қондырғыларының кедергісін өлшеуге, шатыр кеңістігін өртке қарсы құраммен өңдеуге шарттар жасасуға;

-мереке күндері жұмысты ұйымдастыруды және терроризмге қарсы қорғанысты ұйымдастыру бұйрықпен бекітілсін.

13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

МБДО «Mir» меңгерушісі



Едигина Ж.О.



БҰЙРЫҚ №19
«06» қаңтар 2026 ж.

**Мектепке дейінгі мекеме
қызметкерлерімен
командалық-штабтық
дайындық жаттығулар
өткізу туралы**

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс бойынша командалық-штабтық оқуды өткізу саласындағы негізгі іс-шаралар жоспарына сәйкес тақырып бойынша (жұмыс жоспарына сәйкес тақырыпты жазу)

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепке дейінгі ұйымда командалық-штабтық оқытуды өткізу «30» 01 2026 ж ұйымдастырылсын.
2. Балабақшаның барлық қызметкерлерінің қамтылуын бақылауға алынсын.
3. Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі (завхоз) А.А.Аманжол оқыту жетекшісі болып тағайындалсын.
4. Жаттығу жетекшісіне 2026 жылдың 30.01 дейін:
 - командалық-штабтық дайындықты өткізу жоспарын әзірлеу және бекітуге ұсынсын;
 - лаңкестік бағыттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және өзгерту;
 - объектілік оқытуға қатысатын тұлғалардың функционалдық міндеттерін бекіту;
 - ғимаратта төтенше жағдай туындаған кезде мектеп жасына дейінгі ұйымның азаматтық қорғаныс штабының тәрбиеленушілер мен қызметкерлерді эвакуациялау бойынша іс-қимылдарын пысықтау;
 - 20___ жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымның азаматтық қорғаныс басшылары өз құрамаларының жеке құрамымен және мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлерімен сабақтар мен жаттығулар өткізсін;
 - жеке қорғану құралдарын кию норма дағдыларын жаттықтыру;
 - зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларының қалыптастыру;



-оқушыларды қауіпсіз жерге көшіру;

- террористік актілермен байланысты төтенше жағдай кезінде төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл ережелеріне сәйкес өрттерді оқшаулау және сөндіру.

5. 20 26 жылдың ауқанына дейін мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері ересек және мектеп алды топтардың тәрбиеленушілермен төмендегі жаттығуларды үйретіп ұйымдастырсын:

- маска киюді;

- мектепке дейінгі ұйымның ауласында, ғимарат ішінде танимайтын өзге заттарды табу кезіндегі іс-әрекеттерге үйрету.

6. Объектілік оқуға жалпы дайындық өтетін күні (күнін көрсету) бекітілсін.

7. Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық және қызмет көрсетуші персоналын бұйрықпен таныстыру.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

МБДО «Mir» меңгерушісі



Сречина А.О.

БЕКІТЕМІН
«Mir» мектепке дейінгі
балаларды дамыту орталығы
С.Е.Е. **Ж.О.Едигина**
« 16 » 08 . 2025жыл

**«Террористік тұрғыдан осал объектілердің қарсы қорғалуы»
2025–2026 оқу жылына арналған іс-шара жоспары**

№	Іс-шара атауы	Мақсат бағыты	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	Мекеме ғимараты мен аумағын тексеру	Балабақша/мектептің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Тексеру актісі	Шаруашылық меңгерушісі, күзетші	Қыркүйек
2	«Қауіпсіз мекеме» бұрышы мен ақпараттық стенд ұйымдастыру	Балалар, ата-аналар мен қызметкерлерге қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Стенд, жадынама	Әдіскер, тәрбиешілер	Қыркүйек
3	Терроризмге қарсы нұсқаулықпен таныстыру (қызметкерлерге)	Қызметкерлердің төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттерін нақтылау	Нұсқаулық, қолхат алу	Меңгеруші, әдіскер	Қазан
4	Балаларға арналған «Қауіпсіздік әліппесі» сабақтары	Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Танымдық әңгіме, бейнематериал	Тәрбиешілер	Қараша
5	«Күдікті зат тапсаң не істейсің?» тақырыбында оқу-жаттығу	Қызметкерлер мен балаларды төтенше жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету	Оқу-жаттығу, эвакуация	Әкімшілік, ТЖ қызметкерлері	Желтоқсан
6	«Терроризм – қоғамға қауіпті құбылыс» ата-	Ата-аналарды ақпараттандыру, ортақ	Жиналыс, баяндама	Әдіскер, психолог	Қаңтар

	аналар жиналысы	жауапкершілікті арттыру			
7	Қауіпсіздік сигнализациясы мен бейнабақылау жүйесін тексеру	Инженерлік- техникалық қорғаныс құралдарының жұмысын қадағалау	Тексеру актісі	Шаруашылы қ меңгерушісі	Ақпан
8	«Қауіпсіз эвакуация» оқу- жаттығуы	Балалар мен қызметкерлерді эвакуациялау жолдарымен таныстыру	Эвакуация жоспары	Меңгеруші, әдіскер	Наурыз
9	Терроризмнің алдын алу жөніндегі түсіндіру жұмыстары (әңгімелер, бейнероликтер)	Балалар мен ата- аналардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру	Сурет көрмесі, бейнематер иал	Тәрбиешілер	Сәуір
10	Жылдық жұмысты қорытындылау	Атқарылған шаралардың тиімділігін бағалау	Қорытынды акт	Меңгеруші	Маусым

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТ ЕТУ

№1 ХАТТАМАСЫ

МБДО «Mir» «Mir» балабақшасы

күні: 09.01.2026ж

1. Мақсаты:

Бұл хаттама мекемеде терроризм қаупі туындаған жағдайда алдын алу шараларын, қызметкерлер мен тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шұғыл әрекет ету тәртібін анықтайды.

2. Міндеттері:

- Қауіпсіздік талаптарын сақтау
- Қызметкерлер мен келушілерді ақпараттандыру
- Қауіпті жағдайда шұғыл әрекет ету
- Құзырлы органдармен байланыс орнату

3. Негізгі шаралар:

- Мекеме аумағына бөтен адамдардың кіруін шектеу
- Күдікті адамдар мен заттарды анықтау және хабарлау
- Видеобақылау жүйесін және күзетті күшейту
- Барлық қызметкерлерге жыл сайын қауіпсіздік нұсқамасын өткізу
- Эвакуация жолдарын белгілеп, үнемі тексеріп отыру
- Байланыс нөмірлерінің (жедел жәрдем, полиция, өрт сөндіруші) көрнекі жерге ілінуі

4. Шұғыл жағдай туындағанда әрекет ету тәртібі:

1. Күдікті зат немесе адам байқалған жағдайда:

- Scanned with
CS CamScanner



Жауапты: Ж.О.Едигина

Ақтөбе қаласы 2025-2026

Балабақшадағы қауіпсіздік ережелері

Бүгінде білім беру жүйесінде еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, балабақша саласында бұл талаптарды ескермеу балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан, балабақша қызметкерлері тәрбие барысында қауіпсіздік ережелерін балаларға толық жеткізіп, оны тәжірибе жүзінде қолданудың маңыздылығын түсіндіруі тиіс.

Балабақшадағы қауіпсіздік ережелері – балалардың денсаулығы мен амандығын қамтамасыз етудің негізгі шарты. Ерте жастан бастап қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру баланың өмірлік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуы басты назарда болуы қажет. Балабақша жасындағы балалар ересектердің көмегіне көбірек мұқтаж болғандықтан, педагогтар мен тәрбиешілер олардың әрбір әрекетін жіті бақылап, қауіпсіздік шараларын үнемі ескеріп отыруы тиіс.

Балабақшадағы техникалық қауіпсіздік бірнеше маңызды аспектілерден тұрады. Ең алдымен, ойын алаңдары мен топтық бөлмелердегі барлық жабдықтар балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы шарт. Балалар пайдаланатын үстелдер, орындықтар, ойыншықтар және спорттық жабдықтар қауіпсіз материалдардан жасалып, өткір бұрыштары болмауы тиіс. Сонымен қатар, еденнің тайғақ болмауы, есік-терезелердің балаларға қауіп төндірмеуі қатаң қадағаланады. Электр құралдарының қауіпсіздігі де маңызды. Балабақшада тоқ көздері балалардың қолы жетпейтін жерде орналасуы керек, ал тәрбиешілер электр құрылғыларын пайдаланар алдында олардың ақаусыз екенін тексеріп отыруы қажет.

Балабақшадағы қауіпсіздік шаралары тек физикалық ортаны қамтымайды. Балалардың денсаулығы мен психологиялық қауіпсіздігі де басты назарда болуы керек. Балабақшада тәрбиешілер балаларды дұрыс тамақтану, жеке тазалықты сақтау және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерімен таныстыруы тиіс. Әрбір баланың тамақтан улану немесе аллергиялық реакция тудыратын өнімдерге сезімталдығы ескеріліп, ас мәзірі соған сәйкес дайындалуы қажет. Сонымен қатар, балаларға қолды дұрыс жуу, тамақ алдында және дәретханадан кейін тазалық сақтау дағдыларын үйрету – санитарлық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі.

Балалардың ойыны мен қозғалысы белсенді болатындықтан, жарақат алу қаупін азайту үшін тәрбиешілер мен мұғалімдер ойын барысында олардың әрбір қимылын бақылап, қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі керек. Әсіресе, даладағы ойын алаңдары мен спорттық жаттығулар кезінде арнайы қауіпсіздік шаралары сақталуы қажет. Тәрбиешілер балаларға әткеншек, сырғанақ, секіргіштер мен басқа да құралдарды дұрыс пайдалануды үйретіп, ойын барысында тәртіпті сақтау керектігін түсіндіруі тиіс.

Балабақшадағы қауіпсіздік шараларының тағы бір маңызды бөлігі – төтенше жағдайлар кезінде балаларды дұрыс әрекет етуге үйрету. Өрт немесе жер сілкінісі сияқты күтпеген оқиғалар болған жағдайда балалардың қорықпай,

дұрыс шешім қабылдай алуы үшін алдын ала арнайы жаттығулар жүргізілуі қажет. Бұл жаттығулар барысында балаларға дабыл қағылған кезде не істеу керектігі, эвакуация жолдары және алғашқы көмек көрсету әдістері үйретіледі. Мұндай дайындық шаралары балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне және кез келген жағдайға дайын болуына көмектеседі.

Тәрбиешілер мен мұғалімдер өз сабақтарында балалардың жас ерекшеліктеріне сай қауіпсіздік ережелерін ойын түрінде түсіндіруі керек. Балаларға суреттер, ертегілер, мультфильмдер арқылы қауіпсіздік ережелерін үйрету оларды қызықтыра отырып, жаңа ақпаратты тез меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, жол қозғалысы ережелерін үйрету барысында ойыншық машиналар мен жол белгілерін пайдалану, денсаулық сақтау ережелерін үйрету үшін қуыршақтар мен мультфильм кейіпкерлерін қолдану тиімді болмақ.

Қорытындылай келе, балабақшадағы еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтау – барша педагог тәрбиеші мен балабақша қызметкерлерінің басты міндеті. Балалардың қоршаған ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету, дұрыс әрекет етуге дағдыландыру – сапалы білім мен тәрбие берудің негізі. Егер педагогтар сабақ барысында осы принциптерді жүйелі түрде енгізсе, балаларда қауіпсіздік ережелерін автоматты түрде орындау дағдысы қалыптасады, тәртіптілік пен ұқыптылық артады. Сондықтан әрбір балабақша тәрбиешісі техникалық қауіпсіздік талаптарын білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруы тиіс. Себебі, қауіпсіздік – сәтті болашақтың кепілі.



«Самұрық» тобы

Жауапты: А.Б.Рахатова

Ақтөбе қаласы

Қауіпсіз балабақша

Балабақшада «Терроризм қоғамға қауіпті құбылыс» атты терроризмге қарсы-іс қимыл өтті.

Мақсаты: терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты және терроризмнің алдын алуға бағытталған шаралар жүйесін іске асыру. Террористік акт қатері төнген кездегі іс-әрекеттер өткізілді. Террористік акт төнген жағдайда бірінші кезекте жасырын тұрған дабыл түймесі басылды. Меңгеруші және шаруашылық меңгерушісінде болатын дабыл түймесін басылды. Барлық топтар өз міндеттері бойынша есіктерін бекітіп, тәрбиешілер мен балалар терезеден және ауыр сөрелерден аулақ топтың ортасында бастарын жауып жатты. Есікті барынша бекітті. Қалған персоналдар асхана қызметшілерді де есіктерін бекітіп алды. Жедел көмек келгенше барлық террорлық іс-қимылдарды жасалды. Мектепке дейінгі ұйымда - терроризм қаупінен тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында балалармен жұмыс істеу өте маңызды болып табылады. Әрине, ол оған қорқынышты баланың қауіпсіздігі, бұл ережелерін түсіндіру қиын. Біз нәзік түрде, немесе ойын жағдайлардың көмегімен оны жасауға тырысу керек. Бала ерекше жағдайларда өзін ұстай білу керек. Өкінішке орай, терроризм - бұл шындық, және бала өз өмірін сақтау үшін оған дайын болуы тиіс. Терроризмге қарсы қауіпсіздік мектепте дейінгі ұйымда әрдайым жүргізіліп тұру керек. Барлық қызметкерлер мыналарды білу керек:

Балабақша қауіпсіздік және бүкіл аумағы, сондай-ақ қауіпті жағдайлардың алдын алу;

кіруді бақылау және бейтаныс еркін өту тыйым салуды белгілеу;

қорғалатын аймағында зорлық барлық актілерді қызметкерлері мен балаларды қорғау.

терезелер сенімді торларды құру;

запор бар металл есік ауыстыру.

Дабыл жүйесі;

Төтенше қоңырау шалу түймесін басыңыз;

бейнебақылау камерасы;

радиациялық, химиялық экологиялық жағдайлары үшін бақылау және басқару жүйелері.

Балабақшада терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету барлық істі бақылау;

мектепке дейінгі мекемелердің қауіпсіздік жоспарына материалдық-техникалық базасын жетілдіру. Жарылыс затын көрген кезде:

Күдікті адамдарға, заттарға, кез келген күдік тудыратын ұсақ-түйекке назар аударыңыз. Барлық күдікті нәрселер туралы құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне хабарлаңыз;

бейтаныс адамдардан ешқашан пакеттер мен сөмкелерді алмаңыз, өз жүгіңізді қараусыз қалдырмаңыз;

отбасыда төтенше жағдайларға іс-әрекет жоспары болуы тиіс, барлық отбасы мүшелерінде телефон нөмірлері, электрондық почта мекенжайлары болуы тиіс;

шұғыл жағдайда өз отбасыңыздың мүшелерімен кездесе алатын кездесу орынын белгілеу қажет;

эвакуация жағдайында, бірінші қажеттіліктегі заттар жиынтығын және құжаттарды өзіңізбен алыңыз;

әрқашан үй-жайдан резервтік шығулар қайда екенін біліп, жүріңіз;

лифтін қолданбаңыз;

қандай жағдайда да байбалам салмаңыз.

Террорлық телефонмен қоқан-лоққы көрсеткен жағдайда хабарлама алу тәртібі:

Қағаз бетіне берілген хабарламаларды мүлтіксіз жаттап жазып алыңыз. әңгіме барысында хабарласқан адамның жасы мен жынысын анықтаңыз; артындағы дыбыстарды (автокөлік немесе темір жол көлігі, теледидар немесе радио құрылғылары т.с.с) міндетті түрде аңғарыңыз;

қалалық немесе қалааралық қоңырауларды аңғарыңыз;

қандай да бір шешімге келуге немесе қандай да бір әрекет жасау үшін мүмкіндігінше қоңырау шалушының уақытын ұзақ алуға тырысыңыз; нөмірді автоматты түрде анықтау (НАА) бар болған жағдайда, анықталған нөмірді дәптерге жазып алыңыз, бұл оны кездейсоқ жоғалтып алудың алдыналады;

қозғалғанда, аяқты барынша жоғары көтеріңіз, аяқты нықтап басыңыз, аяқты жыбырлатпаңыз, аяғыңыздың ұшымен жүруге тырыспаңыз;

қалың топтан сақтануға залдың бұрышы немесе қабырға жаны жақсы, бірақ ол жақтан шығысқа жету қиын;

сіріңкенің шиі, тас немесе қабырғадағы сызық арқылы міндетті түрде өткен күн, уақыт есебін жүргізіңіз;

күмән тудырған жағдайда, көрші жолаушылардың әрекетіне назар аударыңыз;

егер олармен келіссөз нәтиже бермегендігін байқасаңыз, мүмкіндігінше ұшақты босату бойынша арнайы операцияның басталу сәтіне дайын болыңыз;

егер арнайы операция қабылданған болса, террористер ұстап алып, тірі қалқан ретінде қолдана алмайтындай етіп орналасыңыз: төменге жатыңыз немесе басыңызды қолыңызбен қапсырып, орындықтың арқасына тығылыңыз, көтерілуге рұқсат бермегенше сонда қала беріңіз (қауіпсіздік күштері қозғалғанның кез-келгенін террорист деп қабылдап қалуы мүмкін); мүмкіндік туындаған жағдайда, ұшақты барынша тез арада тастап кетуге тырысыңыз. Жеке заттарыңызды іздеп, кідіріп қалмаңыз.

жаңа опырылуды болдырмау үшін абайлап қозғалыңыз, сырттан келетін ауаның қозғалысымен бет алыңыз. Мүмкіндігіңіз бар болса, қол астындағы заттар(тақтай, кірпіш) арқылы төбені опырылмас үшін бекітіп, көмек күтіңіз. Қатты шөлдеген жағдайда аузыңызға кішкентай тас салып, оны мұрныңызбен дем ала отырып сорыңыз.

әңгімені кідірмей құқық қорғау органдарына хабарлаңыз;

әңгімеңізді ешкімге жарияламаған жөн;

хабардар адамдардың санын барынша қысқартыңыз;

дыбыс жазғыш құрылғы қолданған кезде жедел касетаны (шағын дискіні) алып, сақтап қойыңыз, орнына міндетті түрде басқасын ауыстырып салыңыз. Қоңырау шалған адамның сөйлеу мәнерін аңғарыңыз:

Дауысы ащы (баяу, төмен, жоғары).

Сөйлеу мәнері: айқын, тұтығып, сыбырлап, акцент, диалект.

Сөз қарқыны: жылдам, баяу

Сөйлеу тәсілі: дөрекі, келемеж, былапыт айту. Сөйлесу барысында мынандай сұрақтарға жауап алуға тырысыңыз:

Бұл адам қайдан, кімге, қандай телефоннан қоңырау шалып тұр?

Нақты қандай талап қойып тұр?

Нақты талапты жеке өз немесе біреудің қайталауымен айтып тұр ма немесе басқа да бір топтың атынан ба?

Олар немесе ол қандай жағдайда ойлаған мақсаттарынан бас тартады?
Қашан және қалай онымен байланысуға болады?

Кімге аталған қоңырау туралы айта аласыз немесе айтуыңыз керек?
Жарылғыш құрылғы болып табылуы мүмкін күдікті затты табу Соңғы
уақытта азаматтармен күдікті заттарды табу жағдайлары жиі кездеседі, олар
жарылғыш құрылғы болуы мүмкін. Күдікті заттар көлікте, саты алаңдарында,
пәтерлер, мекемелер мен қоғамдық орындардың есіктері алдында табылуда.